

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес



2024-2025 оқу жылы

**«Жансәби»
Бөбекжай
Балабақшасы
Жауапкершілік
шектелуі
серіктестік**

**Товарищество
с ограниченной
ответственностью
Ясли САД
«Жансәби»**

161408, Шарлара ауданы,
Алатау батыр ауылы, Қисабеков №6
БИН:191140027173

161408, город Шардварински район,
село Алатау батыр ул. Кисабеков №6
БИН:191140027173

БҰЙРЫҚ

20.08.2024 № 1

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:
 - 1) Төрайымы: Темірхан С.Б.
 - 2) Хатшы: Касынбекова К.А.
 - 3) Мүшелері: балабақша педагогтары мен мамандары
2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Жансәби» бөбекжай балабақша меңгерушісі:



Темірхан С.Б.

Бекітемін:
«Жансәби» бөбекжай балалақша
менгерушісі: Темірхан С.Б.



2024-2025 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 Пед. кеңес	Тамыз		
1.	Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»		Б/б менгерушісі	
2.	Мақсаты:		Әдіскер	
3.	эр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;			
4.	- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;		тәрбиешілер	
5.	Күн тәртібі: 1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау 2. Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, (тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту) 3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы			
	№2 Пед. кеңес	Қазан		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.		Әдіскер	
2.	Тақырыбы: «Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру»		тәрбиешілері	
3.	Мақсаты: - мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;		тәрбиешілері	
4.	- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау			
5.	Күн тәртібі: 1. Балалардың мдү-да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп (менгерушісі)			

	2. Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (Шаруашылық меңгерушісі) 3. Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар (Әдіскер)			
	№3 Пед. кеңес	Қаңтар		
1.	Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		Меңгеруші	
2.	Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».		топ	
3.	Күн тәртібінде: 1.1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг бойынша есеп		тәрбиешілері	
4.	2.Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер 3. «Аналар және әжелер мектебі» , «Әкелер мектебі» бойынша атқарылып жатақан жұмыстардың есебі. 4.Психологиялық тренинг, Педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті 5. СанПин талаптарының орындалуы (Медбике)			
	№4 Пед. кеңес	Наурыз		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		Әдіскер	
2.	Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет» Мақсаты:			
3.	Күн тәртібінде: 1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»			
4.	2.Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы ктілген шаралар бойынша есеп 3. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар			

	№5 Пед. кеңес	Мамыр		
1	Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу 1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау 2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы 3. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру 4. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.		Тәрбиешілер Меңгеруші тәрбиешілер әдіскер	

Хаттама №1

27.08.2024 жыл

Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты:

әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі
ұйымның күш-жігерін біріктіру;

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау.
2. Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау.
2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту. (тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту)
3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы.

Пед кеңес түрі: Отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынас нығайтудың тиімді жолдарын
іздену.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касымбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. **Темірхан С.Б. балабақша меңгеруші:** №1 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалу туралы хабарлама жасады. Жиналған педагог қызметкерлеріне 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыра отырып, оқу жылының үлгілік оқу жоспарына «Аталар, аналар, әжелер мектебін» жоспарға дәстүрлі енгізуді көздейтіні туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
2. «Жансәби» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі Темірхан С.Б. «Аналар мектебі» саясында жүргізілетін жұмыс жоспарын педагогикалық кеңесте қаралып, аудандық білім бөліміне бекітуге ұсынылды.
3. Балабақша меңгерушісі Темірхан С.Б. жылдық жоспарға «Аналар мектебі» аясында жүргізілетін жұмыс барысын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негіздеі туралы тәрбиешілерге баяндама дайындатты.
4. «Жансәби» бөбекжай балабақшасының топ тәрбиешісі «Тәрбиеші қандай болу керек?» тақырыбында баяндама оқыды.

Практикалық бөлім:

Педагогтар «Күн тәртібі», «Жыл мезгілдері», «Жолда жүру ережелері», «Қауіпсіздік ережелері», «Спорттық ойындар», «Ата-анамен байланыс» тақырыбында сөз қозғап өзіндік іс-тәжірибелерімен бөлісті. Әріптестер арасындағы жағымды қарым-қатынас, сенімді орта және қолдау көрсету сапалы нәтижеге жетудің негізгі факторлары екенін айтты. Ұжым мүшелеріне психологиялық тренингтер, ұжымдық жаттығулар мен демалыс сәттерін енгізуді ұсынды.

5. Педкеңес қорытындысы жасалып, шешім жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Сөйледі:

1. Тәрбиеші Сыдық Л.Т. педагогикалық сағаттың өту барысының ұнағанын, педагогтардың жасаған құралдарының жұмысына ұсыныстарымен бөлісіп, алдағы уақытта біліктілік деңгейін арттыруды көздейтіндігі туралы сөз етті.
2. Тәрбиеші Темірхан С.Б. педагогикалық сағатта білгенімен бөлісіп әріптестеріне қолдау білдірді. Оларға алғыстарын айтып, жұмыстарына толағай табыс тілейтінін айтты.

Шешім:

1. Педагогтардың қорытындысы мен ұсыныстар бойынша жұмыстарды жалғастыру.
2. «Аналар мектебін» ашу және тыңғылықты ата-анамен байланыс орнату.
3. Ата-аналар жиналысын көптеп жасау, ата-аналарға психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касымбекова К.А.

Хаттама №2

03.10.2024 жыл

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру»

Күн тәртібі:

1. Балалардың мдү-да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп (меңгеруші)
2. Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (Шаруашылық меңгерушісі)
3. Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар (Әдіскер)

Мақсаты:

Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, мүмкін болатын тәуекелдердің алдын алу және білім беру мекемесінің қауіпсіз жұмыс істеуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау саласындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

Пед кеңес түрі: «Балабақша-балалықтың мекені». Балаларға жайлы орта мен дамытушы ортаның маңыздылығын түсіндіру.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Қарастырылатын мәселелер:

- Білім беру қауіпсіздігінің психологиялық-педагогикалық негіздері.
 - Балабақша ішінде жайлы атмосфераны құру, тәрбиеленушілердің психоэмоционалды тепе-теңдігін қамтамасыз ету, балаларға жайлы орта қалыптастыру.
 - Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында тәрбиеленушіге барынша қолайлы жағдай жасау.
 - Дамытушы орта қалыптастыру кезеңдері бойынша ұсынымдар тыңдау.
- Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын бақылау және қажетті психологиялық қолдау көрсету.

Сөз сөйледі:

Балабақша меңгерушісі Темірхан С.Б. қауіпсіз білім беру ортасын құра отырып, тәрбиешілер өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауы және қолқорлық таныту, әрбір тәрбиеленушінің сапалы білім алуына және физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға тәрбиеші міндеттеледі.

бақша тәрбиешісі Сапарбаева Г.А. топ ішінде балаларға арналған дамытушы
аның пайдасы және оны дұрыс ұйымдастыра білу туралы пікір айтылып, баяндама
жыды.

Дамытушы ортаны тәрбиеленушілерге дұрыс пайдалана білу мен баланы дамытуда
тәрбиешінің біліктілігі маңызды екенін атап өтті.

Шешім:

1. Балалардың балабақшадағы қауіпсіздігі мен жайлы ортасын құруда тиімді стратегияны пайдалану үшін тәрбиешінің білімін жетілдіру.
2. Дамытушы ортаны барынша балаларға қол жетімді және сапалы етіп ұйымдастыру. Дамытушы ойыншықтар мен құрал жабдықтарды мейлінше көбейту.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекетте балаларға барынша қолайлы жағдай жасау.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Темірхан С.Б.

Касынбекова К.А.

**Түркістан облысы Шардара ауданының білім бөлімінің
«Жансәби» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің
педагогикалық мәжілісінің кеңесі**

Хаттама №3

08.01.2025 жыл

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

Күн тәртібінде:

1. 1-ші жарты жылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг бойынша есеп
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер
3. «Аналар және әжелер мектебі»
4. Психологиялық тренинг, Педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті
5. СанПин талаптарының орындалуы (Медбике)

Төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны:

Тыңдалды:

1. **Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А.** педагогикалық кеңес барысында 2024-2025 оқу жылының бастапқы кезеңіндегі атқарылған жұмыстар тізбегін және мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру бойынша өз кезеңінде балабақша ұжымына есеп берді.
2. «Аналар мектебі» аясында атқарылып жатқан жұмыстар мен ата-аналармен байланыс мәселесін сөз етті. Ұжымдағы тәрбиешілерге дұрыс бағыт-бағдар беруге ат салысты.
3. **Тәрбиеші Темірхан С.Б.** 1-ші жарты жылдық атқарылған жұмыстарды баяндап, бастапқы және аралық мониторинг қорытындысымен таныстырып, балалардың даму ерекшеліктерін айтты. «Аналар» мектебі жұмыстары сәтті жүріп жатқаны және де бала мен ана арасындағы көптеген сұрақтарға жауап алып, өз дұрыс шешімдері мен байланыстың нығайғаны туралы пікір білдірді. Алдағы оқу жылында ата-анамен байланыс барысында көптеген ойын-сауық пен тренингтерді жүзеге асыруды көздейтінін айтты.
4. **Тәрбиеші Сыдық Л.Т.** педагогтарға қызықты сұрақтар мен ойын түрлерін ұсынды. Ұжымға алғысын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

5. Балабақша медбикесі Қантүре Г.С. балалардың қыз мезгіліндегі ауырып қалмауға жағдай жасауға және тұмау сынды ауырған балаларды оқшаулауға, сырқаттанып қалған балалармен хабар алуға, жәй-күйін білуге барынша жауапкершілікпен қарауға тиіс екенін атап өтті. Балабақша ішіндегі тазалық пен ойыншықтардың уақытылы тазалануын тәрбиеші мен тәрбие көмекшісінің міндетті және оны сөзсіз жүзеге асырылуы тиіс делінді.

Практикалық бөлім:

-тәрбиешілер өз біліктіліктерін көрсету мақсатында тәрбиешілер арасында сауалнамалар жүргізіліп, тәрбиешілерге қызықты ойындар ойналды.

Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып іскерлік ойын жүргізді. Топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады. Бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру» бойынша, екінші топ «жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші қандай жұмыстар атқаратынын атап өтіп, филичарт қорғауға тапсырмалар берілді. Бірінші топ басшысы тобымен ақылдаса отырып, балабақша имеджін қалыптастыру үшін, ең алдымен психологиялық ақуалдың тұрақтылығы, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі сонымен қатар балабақшаның заман талабына сай болып бәсекелестікке қабілеттілігі жоғарғы болу керектігін атап өтті. Екінші топ стандарт бойынша өз пікірлерін ортаға салды, онда стандарт біздің жүйелі жұмыс жасауымыз үшін оны күнделікті оқып, танысып отыруымыз керек, бағдарламаны жүзеге асыру, топта заттық дамытушы орта жасақтау, күн тәртібін сақтау, балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселерді саралай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Денсаулық сақтау технологиясы бойынша жасалынған көрнекіліктер жоғары дәрежеде деп есептелсін.
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингісі бойынша жеке даму карталары жасалсын.
5. Жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша талаптар орындалсын.
6. Аталған мәселер бойынша жұмысты бақылауды өз жауапкершілігіме аламын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Хаттама №4

04.04.2025 жыл

Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»

Мақсаты: баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу; сюжетті - рөлдік ойындарды ұйымдастыру; тірі және өлі табиғат объектілерін бақылауды күнделікті жүргізу;

Күн тәртібінде:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы өтілген шаралар бойынша есеп.
3. 3. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар.

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

Тыңдалды: Балабақша медбикесі Қантүре Г.С. балабақшада балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – олардың толыққанды дамуы мен бақытты балалық шағының негізі. Бұл мақсатқа жету үшін келесі негізгі бағыттарға назар аудару қажет деді.

-дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі

-балалардың физиологиялық және психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, күн тәртібін құру маңызды екендігін атап өтті.

Бұл олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуын жақсартатындығын, тәбетін арттырып және ұйқысының толыққанды болуын қамтамасыз ететіндігін айтты. Шынықтыру және сауықтыру шаралары бойынша балалардың ағзасын нығайту үшін табиғи факторларды пайдалану тиімді. Мысалы, таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, су процедуралары және массаждың қарапайым түрлері балалардың денсаулығын жақсартады деді. Дене тәрбиесі және қозғалыс белсенділігі Балалардың қимыл белсенділігін арттыру олардың дене дамуын қамтамасыз етеді және түрлі аурулардың алдын алады. Дене тәрбиесі сабақтары, спорттық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың қозғалыс дағдыларын дамытуға болады деді. Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс та балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқаратындығын, Ортақ күш-жігер арқылы ғана балалардың дені сау, бақытты және толыққанды дамуына қол жеткізуге болатындығын айтып өтті.

Тәрбиеші Мәжіт А.Н. сөйледі: Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл бойы жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталды. Аптасына бір рет өткізілген экологиялық сабақтарда балалар табиғат

құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәліметтер алды. Бұл сабақтар олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа деген қызығушылығын оятты. Айына бір рет ұйымдастырылған табиғатқа экскурсиялар барысында балалар жақын маңдағы саябақтар мен ормандарға барып, өсімдіктер мен жануарларды табиғи ортада бақылап, олардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл тәжірибе балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырды. «Ағаш отырғызу», «Қоқыстан тазарту» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Бұл шаралар олардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтты. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау сияқты конкурстар өткізілді. Бұл конкурстар балалардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Ата-аналардың қатысуымен экологиялық тақырыптағы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды.

Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар балалардың экологиялық білімін арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін нығайтты. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

Балабақша әдіскері Темірхан С.Б. сөйледі: «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуы мен отбасындағы тәрбиені қолдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл пункттер мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді мақсат етеді.

Консультациялық пункттер білім басқармасының (бөлімінің) шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар базасында құрылады. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету. Балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау, дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу».

Ата-аналарға балалардың денсаулығы, тамақтануы, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ақпараттық қолдау көрсету деп айтты. Осы ұсынымдарды орындау арқылы ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің тиімді жұмысын ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына және отбасындағы тәрбиенің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деді.

Шешімі:

1. Бала денсаулығын шынықтыру және сауықтыру бойынша қосымша жоспар құрылсын.
2. Наурыз, Сәуір айларында аулада ағаш, гүл отырғызу шаралары балалармен бірге жүргізілсін.
3. Консультативтік пункт бойынша кеңес беру шараларына тәрбиешілер белсене қызмет атқарсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сапарбаева Г.А.

Касынбекова К.А.

Хаттама №5

05.05.2025 жыл

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары».

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
 2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы
 3. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру
 4. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы.
 5. мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген
- Бақылауларға талдау жасау.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

1. **Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А.** педагогикалық кеңес барысында 2024-2025 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша сөз сөйледі.
 - Жыл қорытындылары туралы жетістіктері мен кемшіліктерді нақты түрде атап өтті.
 - Оқу процесінің жай күйіне жылдық қорытындылау жасады.
 - Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды талдау (аттестациядан өткен, біліктілігін арттыру курстарынан өткен, конкурстарға қатысқан педагогтар туралы мәліметтер).
 - Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыс жоспарына дайындық. Үй жайлардағы және жазғы сауықтыру кезеңіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық.

2025-2026 оқу жылына орай тәрбиешілердің біліктілігін арттыру керек және оқу процесінде қолдана білу шараларын атап өтті.

2. **Тәрбиеші Мәжіт А.Н.** ортаңғы топ бойынша өзіндік жылдық есеп көрсеткіштері мен жетістіктері туралы айтты. Жыл қорытындысы жақсы деңгейде өтілгенін айтты. Жазғы сауықтыру бағдарламасы бойынша өзіндік жоспарларымен таныстырды. «Көңілді жаз» тақырыбында оқу әдістемелік біліктіліктерімен таныстырды.

«Аналар мектебі» аясында жүргізілге көптеген іс-шаралармен бөлісіп, жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарларын біршама тізбектен жоспарларымен бөлісті.

Педагогикалық ұжымның 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

- Жауаптылар:** тәрбиешілер

- Жауаптылар:** тәрбиешілер

- Жауапты:** Әдіскер Темірхан С.Б.

Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.